

ӘОЖ 930

Ж. ШАНИННИҢ ҚАЗАҚ ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ахметжанов А.А.

showtimepatov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Тарих факультетінің

4150

Қазақ халқының ұлттық өнерінің дамуына зор үлес қосқан актер, музыкант, жазушы-драматург, еліміздің алғашқы режиссерінің бірі Жұмат Шанин 1892 жылы Баянауыл өңірі, Желтау тауының етегіндегі Қаратал қыстауында дүниеге келген. 11-12 жас шамасында ауыл молдасынан оқып, арабша хат тануды үйренеді. Әкесімен бірге ағаш сатып жүргендерінде Жұмат Омбы уезі, Тәнен болысы, Қаржас ауылында татар мұғалімінен орыс алфавитін үйреніп, өз бетімен кітап оқи бастайды. 1913 жылы кен барлау мақсатымен жер өлшеп жүрген землемерге жұмысшы болып кіреді. 1913 жылдың күзінде Жұмат білім алу мақсатында Омбы қаласына келеді. Бастапқыда, зауытта жұмыс істеп жүрген Шанин С.Сейфуллинмен, Н.Нұрмақовпен танысып, өз бетінше білім алуын әрі қарай жалғастырады. 1915 жылдың жазында Ж.Шанин тұрақты оқу орны – бухгалтер курсына түседі. Оны 1916 жылы бітіріп шығып, Омбы қаласындағы «Машинский» зауытына бас бухгалтердің көмекшісі болып орналасады. 1916 жылғы патша үкіметінің жарлығымен Шанин қара тізімге ілініп, осы жылдың қыркүйегінде майданға аттанып кетті. Бір жылдан соң, 1917 жылы туған ауылына қайта оралды. Соғыстан келген жылы өз ауылынан жүз шақырым жердегі Қарқаралы қаласына келіп, уездік корпоративке бухгалтер болып орналасады. Осыдан кейін, 1920 жылы сәуір айында Коммунистік партияның қатарына кіреді. Іскер, жұмысқа тыңғылықты қызметкер ретінде 1921 жылы Павлодар уездік партия комитетінің мүшесі, ал 1922 жылы уездік партия комитетінің мүшесі және президиум мүшесі болып сайланады. Қазақ ауылдарындағы күрделі қиындықтарды білетін, ысылған, қызметте шыныққан беделді кадр ретінде Жұмат Шанин Семей губерниялық партия комитетінің ұсынысы бойынша 1922 жылдың мамыр айында Зайсан уездік атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Осылайша, КазАССР-інің шығыс аудандарында қызмет істегеннен кейін, Жұмат Семейге оралып, 1923 жылдың аяғына қарай губерниялық атқару комитетінің мүшелігіне сайланып, Жер комиссиясының төрағасы және КазЦИК-тің мүшесі, Ресей Кеңестерінің X съезіне делегат болады. 1924 жылы сәуір айында өткен бесінші губерниялық партия конференциясында губерниялық партия комитетінің мүшесі болып сайланады. 1925 жылдың қыркүйегінен 1926 жылдың қазанына дейін Жұмат Бүкілодақтық «Жоқсиндикат» мекемесінің Семей губерниялық басқармасы меңгерушісінің орынбасары болды. 1926 жылдың қазанынан бастап қазақтың тұңғыш театрының директоры әрі көркемдік жағын басқарушысы болды. [1]

Қызылорда қаласында театр құрып, кейіннен Алматы қаласында бас сценарист және режиссер болды. Көптеген пьесалары Мәскеу сахнасында ойнатылып, қазақ театр өнерін тамашалатқан болатын. Сол жылдары қалыптасқан дәстүр бойынша театрландырылған қойылымдар екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде қойылым, екінші бөлімде концерттік бағдарлама болды. Ж.Шанин ұйымдастырған концерттері әрдайым қызықты, талғампаз таңдалған музыкалық нөмірлерімен ерекшеленді. Оларға әншілердің, домбырашылардың, аккордеоншылардың, дәстүрлі музыкалық және поэтикалық шығармашылығының шеберлері мен дуэттері қатысты, оқырмандар, комедиялар мен түпнұсқа жанр шеберлерінің қойылымдарына көп орын берілді. Айта кету керек, театрдың алғашқы актерлерінің шығармашылық мүмкіндіктері кең болды. Көптеген актерлер сахнадағы ойынды негізгі жұмыспен біріктіре отырды. Сол жылдары театр ашылуының алғашқы кезеңінде актерлерге жалақы төленбеген болатын.

Ж.Шанин Қазақстандағы тұңғыш ұлт театрының негізін салып, оны ұйымдастырып, сондай-ақ профессионалдық тұрғыда қалыптастырып, шығармашылық жағынан өсу жолында зор еңбек сіңірді. Алғашқы шығармашылық-ұйымдастырушылық қызметінен бастап Ж.Шанин актерлер мәдениетін көтеруге, театр жұмысын белгілі бір жоспар бойынша жүргізуге, репертуардан тәрбиелік, һәм идеялық-көркемдік сапасы жоғары драмалық шығармалардың орын алуына ерекше көңіл бөлді. Бұл мәселелер «Қазақтың мемлекеттік театры», «Мемлекет театрының әртістері» (1927), «Қазақстан мемлекеттік театры» (1928),

«Театр тарихынан» (1931), «Сахна техникасын меңгерейік», «Сахнада шындықты тану» (1935) атты әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларында жан-жақты қамтылды. «...Қазақтан артист табыла ма, пайдасы бар ма, шамамыз келіп алып жүре аламыз ба?» деген сияқты қауіптерді екінің бірі айтқан еді...» - деп, Ж.Шанин өзінің «Қазақстан мемлекет театрының жайы» деген мақаласында жұмбағы мол, шешімі күрделі театр жолы жайлы жазған болатын. [2]

Ол Қазақстандағы театр өнерінің негізін қалаушы және Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының алғашқы халық артисі болды. Режиссер батыстың өнер үлгілерін жай көшіріп қана қоймай, ерекше әсермен жасауға тырысты. Ресей театр реформаторы Станиславскийдің ілімін мүмкіндігінше зерттеуді қолға алған Ж.Шанин, актерлік шеберлік мектебін өтпеген өнерпаздарды үйретумен қатар, ойнап көрсетіп, жетелеп отырды. Репертуарда Кеңес өкіметінің құрылуы, ескі ауылдың тұрмысы мен салт-дәстүрі, қазақ халқының революцияға дейінгі өмірі сияқты тақырыптарға арналған қойылымдар басым болды. Бұл - Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлары», Успанов пен Утеулиннің «Зарлық», Әуезовтің «Бейбише-тоғал», «Үйлену», Майлиннің «Күрделі мулла», «Малқамбай» Ерданаев, «Торсыбай», «Айдарбек», Батыр «Шанина. Көрермендер М.Әуезовтің пьесаларындағы «Еңлік-Кебек», «Қаракөз», С.Сейфуллиннің «Қызыл сарлары», И.Мендіхановтың «Мөлдібай» пьесалары [3].

Семейде шыққан «Таң» журналының 1925 жылғы бірінші санында «Торсықбай» деген бір бөлімді пьесасын жариялайды. Зайсан елінен әкелген үлкен олжасы «Арқалық батыр» трагедиясын жергілікті өнерпаздардың күшімен 1924 жылы қаңтар айында қалалық клуб сахнасында шығарады. Семейде 1920 жылы құрылған драмалық «Ес аймақ» труппасының көркемдік жағын басқарады. Жұмат Шаниннің режиссурасымен М.Әуезовтің «Еңлік – Кебегі», С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлары» қойылады. «Арқалық батыр» мен «Қызыл сұңқарлар» спектакльдерінде Арқалық пен Еркебұланнның рөлдерін ойнаған. Осыдан кейін, 1926 жылдың қазанынан бастап қазақтың тұңғыш театрының директоры әрі көркемдік жағын басқарушысы болып қызмет істеді. У.Шекспирдің «Гамлетін», А.С.Пушкиннің «Тас мейманын», «Сараң серісін», Б.Майлиннің «Майданын», І.Жансүгіровтің «Кегін», т.б. спектакльдерді сахналаған. Қазақ театрын құрудағы тарихи еңбегі ескеріліп, 1931 жылы Жұмат Шанинге ҚазАССР-нің халық артисі атағы берілді. 1932-1933 жылдары Жұмат Шанин Қырғыз мемлекеттік драма театрының да көркемдік жағын басқарады. 1934 жылы ашылған музыкалық театрды (қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры) ұйымдастыруға қатысып, Қ.Жандарбековпен бірге «Жалбыр», «Қыз Жібек», «Ер Тарғынды» қойды. Осы музыкалық спектакльдер 1936 жылғы декада кезінде Жұмат Шаниннің режиссерік өнерін Мәскеу көрермендері, белгілі өнер қайраткерлері жоғары бағалады. Облыс орталықтарында театрлар ашылуына сәйкес және маман режиссер кадрларының жоқтығы ескеріліп, Жұмат Бішкектен шақырылып, Оралға жіберіледі. Ол Орал қаласында музыкалық драма театрын құрып, 1937 жылдың 15 қазанына дейін директор болып істейді.

«Арқалық батыр» пьесасын жазумен шектелмей, сахналаған режиссері де Ж.Шанинның өзі болды. Өзі Арқалық батырды сомдай отырып, кәсіби сахнаның дәмін татпаған, ел ішінен жиналған актерлермен жұмыс істеу – инемен құдық қазғандай тірлік еді. Таифатынан мінезі жұмсақ, артистердің жетіспей жатқан кемшілігін дауыс көтермей-ақ сыпайы дәлелдеп беріп, «мынаны был етсе қайтеді?» деп, ақылдаса отырып актердің өзіне салатын режиссерлығы, үзеңгілестерін өзіне жақындастыра түсті.

Кезінде, іздемаз, талантты режиссер жайында біртуар ғалым Қаныш Сәтпаев; «Қазірде ұлт труппасының басында Жұмат сияқты театр жұмысын шын сүйетін, қалам өнеріне де шебер, қажырлы азаматымыз отыр. Бұл да ұлт театрының келешекте түзу жолмен жүріп, тез өркендеуіне сенім болуға жарайды...» деп жазған болатын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://www.oner.kz/theatre/view/4638-zhumat-shanin>

2. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009

3. «Жұмат Шанин – қазақ театрында кәсіби режиссураның негізін салушы». Б.Нұрпейіс. «Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915-2005)» (монография).